



ҚОРДАЙ ҚОРДАЙСКИЙ ШАМШЫРАҒЫ

1932 жылдың қазан айынан бастап шығады

АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

СЕНБИ 30 ҚАРАША 2024 ЖЫЛ №95 (3367)

ПРЕЗИДЕНТ



ВЛАДИМИР ПУТИН МЕМЛЕКЕТТІК САПАРМЕН КЕЛДІ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ АСТАНАҒА КЕЛІП ЖЕТКЕН РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ВЛАДИМИР ПУТИНДІ ӘУЕЖАЙДАН ҚАРСЫ АЛДЫ.

Мәртебелі қонақты күтіп алу үшін әуежайда Құрмет қарауылы сап түзеді. Қазақстан мен Ресей халықтарының шынайы достығының белгісі ретінде балалар екі елдің жалауын желбіретіп, қошемет көрсетті және Владимир Путин бастаған Ресей делегациясына ілтипат білдіріп, өлең оқыды.

Бұдан кейін кәсіби суретші Әсел Сабыржанқызы (Ассоль) Владимир Путин Астанаға ұшқан сәтте сала бастаған картинасын таныстырды. Ол сондай-ақ мемлекеттер

басшыларына полотноны жазуға үлес қосуды ұсынды. Картина Ресей Президентіне сапар соңында сыйға тартылады.

Сапар барысында мемлекеттер басшылары өнеркәсіп кооперациясы, энергетика, мұнай-газ өнеркәсібі, энергия ресурстарының тасымалы, машина жасау, көлік-логистика, қаржы, экология, су саясаты, білім беру, ғылым және мәдени-гуманитарлық салалардағы ықпалдастықты дамыту перспективасын талқылады.

БІР ШАҢЫРАҚ АСТЫНДА



ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ІШКІ САЯСАТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ «ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ» МЕКЕМЕСІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ «ДОСТЫҚ КЕРУЕНІ» ЖОБАСЫ ҚОРДАЙ АУДАНЫНА КЕЛДІ.

«Достық керуені» жобасының мақсаты – өңірлік Қазақстан халқы ассамблеясының этно-мәдени бірлестік мүшелерінің халықпен кездесулер өткізуі, этносаралық саладағы тәуекелдердің алдын алу үшін жастар, мәдени және басқа да құрылымдар нысанындағы диалог алаңдарының жұмысына қатысу.

Іс-шара аудандық Мәдениет үйінде басталып, қонақтар Қордай ауданының этномәдени бірлестіктерінің дәстүрлері мен мәдени мұраларымен танысты. Аудан әкімінің орынбасары Дамира Сүгірбай қатысушыларды қарсы алып, өңірде достық пен келісімді нығайтудың маңыздылығын атап өтті.

«ДОСТЫҚ КЕРУЕНІ» ТАТУЛЫҚКА ҮНДЕДІ

Құттықтау сөзбен «Қоғамдық келісім» КММ өкілдері, облыстық ҚХА төрағасының қоғамдық орынбасары Асқарбек Сейілхан сөз сөйледі.

Олар «Достық керуені» жобасының этносаралық келісімді нығайтудағы, рухани құндылықтарды жас ұрпаққа жеткізудегі және Қазақстан халқының бай мәдени мұрасын сақтаудағы ерекше рөлін атап өтті. → 2

ЖҰМЫС САПАРЫ

БАРЛЫҚ ЖҰМЫСТАР МИНИСТРЛІК БАҚЫЛАУЫНДА

ҚОРДАЙ АУДАНЫНА ЖҰМЫС САПАРЫМЕН СУ РЕСУРСТАРЫ ЖӘНЕ ИРРИГАЦИЯ МИНИСТРІ НҰРЖАН НҰРЖІГІТОВ КЕЛІП, ҚАЙНАР АУЫЛЫНДАҒЫ 3800 ГЕКТАР АЛҚАПҚА СУ ЖЕТКІЗУ МҮМКІНДІГІН ҰЛҒАЙТУ ҮШІН ТАРТЫЛАТЫН ҚЫСЫМДЫ СУ ҚҰБЫРЫН САЛУ ЖҰМЫСТАРЫМЕН ТАНЫСТЫ. БҰЛ МАҚСАТТА РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ОБЛЫСТЫҚ БЮДЖЕТТЕН 2 МИЛЛИАРДТАН АСТАМ ҚАРАЖАТ ҚАРАСТЫРЫЛҒАН БОЛАТЫН.



Құрылыс орнында министрмен бірге Жамбыл облысы әкімінің орынбасары Қанатбек Мәдібек, «Қазсушар» РМК облыстық филиалы мен құрылыс жұмыстарын жүргізіп жатқан «ТаразСтрой2004» ЖШС өкілдері болды.

Ауыл маңындағы 3800 алқапқа жеткілікті су жеткізу үшін қолға алынған жұмыстар барысында мердігер жер астымен 8 шақырым жерге арнайы трубаларды төсеп шыққан, сол трубалар бойынша алқаптарға үш күшті насос су айдайтын болады. Ал төртінші насос қосымша резервте болады. Мердігерлер және жауапты тұлғалармен сөйлескен Нұржан Молдиярұлы осы жоба арқылы су алатын шаруалар судан тарылмас үшін қазірден жұмысты жандандырып, қаржыны тиімді игеру бойынша да жүйелі жұмыстарды қолға алу қажеттігін айтты. Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов мердігерлер және жауапты мамандарға сапа мен мерзімге мән беру қажеттігін алға тартып, бірқатар ұсыныстары мен ескертулерін айтты.

Қазіргі жұмыс барысына тоқталар болсақ, құрылыс нысаны 2025 жылға өтпелі болып отыр, биылғы жылға бөлінген қаржы толығымен игерілген. Қазір су сорғы станцияларынан кейін негізгі арнаға су құю үшін полиэтиленнен жасалған алып трубалар 8 шақырымға жер астымен толығымен жүргізіліп, аванкамера да орнатылған. Жалпы құрылыс-монтаждау жұмыстары 75 пайызға атқарылған. Барлығы ойдағыдай іске асса, насос станциясының қуаттылығы жылына 5 млн.м3 болады, деп күтілуде.

Нысанды барлық жұмыстар министрлік тарапынан қатаң бақылауда тұрғанын айтқан Нұржан Нұржігітов бұл жобаның маңыздылығы жайында айтып, мердігер компания өкілдеріне келесі жылғы суармалы науқанға дейін аталмыш нысанды толығымен аяқтау қажеттігін ескертті.

Ж.ОМАРОВ

ЖАЗЫЛЫМ-2025



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!
«Қордай шамшырағы» газетіне жазылу науқаны жалғасуда.
ЖАЗЫЛУ ҚҰНЫ:
Жылдық абонемент — 5000 теңге
Жарты жылдық — 2500 теңге
Біздің мекенжайымыз:
Қордай ауылы,
Төле би көшесі, 70
Байланыс телефоны:
2-27-08, 4-51-63, 2-13-98.

ҚАРЖЫ

ҚОРДАЙДА ИНДУСТРИАЛДЫ САУДА-ЛОГИСТИКАЛЫҚ КЕШЕН САЛЫНБАҚ



Қордай ауданы Қарасу ауылдық округі аумағындағы «Қарасу» өткізу бекетінің қасынан Индустриалды сауда-логистикалық кешенінің құрылысын жүргізу туралы ауқымды жоспар бар. Бұл бойынша 2023 жылдың 9 маусымында Қазақстан және Қырғызстан мемлекеттері арасында Үкіметаралық келісімге қол қойылған болатын. Жоспар бойынша «Алатау» атты Индустриалды сауда-логистикалық кешенінде бизнес, логистика, өндіріс және туризмнің дамуына жағдайлар жасап, үлкен инвестиция тартылмақ. Осы жұмыстарды жүзеге асыру бойынша Президенттің де тапсырмасы бар.

Осы орайда Қордай ауданына Қазақстанның Қырғызстандағы елшісі Рәпіл Жошыбаев келіп, жергілікті атқарушы органдар және шекарашылармен кездесу өткізді. Аудан әкімінің орынбасары Бақыт Сахатовтың төрағалығымен өткен жиында жоғарыда аталған Индустриалды сауда-логистикалық кешенінің құрылысы, «Қарасу» бақылау-өткізу пунктін реконструкциялау және де ауқымды құрылысқа қажетті жер алқаптарын бөлу мәселелері талқыланды.

Кездесуде елші Рәпіл Сәйтханұлы бұл ауқымды жоспарларды іске асыру Қордай ауданының дамуына үлкен септігін тигізетінін атап өтті. Себебі, шетелдік инвесторлардың

тарапынан түрлі зауыт, фабрикалар, қонақ үй, қоғамдық тамақтану орындарын салу туралы ұсыныстар түсіп отыр. Өз кезегінде Бақыт Оңласынұлы жергілікті атқарушы органдардың тарапынан барлық қолдаулар болатынын жеткізсе, шекара басқармасының өкілдері де «Қарасу» бақылау-өткізу пунктін реконструкциялау мәселесіне атсалысатындарын атап өтті.

Кездесуден кейін Қазақстанның Қырғызстандағы елшісі Рәпіл Жошыбаев бастаған жұмысшы топ өкілдері Ауқатты ауылындағы бақылау-өткізу пунктіне барып, шекарашылармен бірге өткізу әлеуетін арттыру мәселесін талқылады.

БІР ШАҢЫРАҚ АСТЫНДА

«ДОСТЫҚ КЕРУЕНІ» ТАТУЛЫҚКА ҮНДЕДІ

Шығармашылық жәрмеңкесі



«Достық керуені» ауқымды жобасы аясында Қордай ауданында жарқын әрі есте қаларлық шаралар ұйымдастырылды. Мәдениет үйінің алдында «Еңбек пен достық – егіз ұғым» атты қолөнер шеберлерінің көрмесі өтті. Бұл шара нағыз шығармашылық, мәдениет және бірліктің мерекесіне айналды.

Қонақтардың ерекше назарын жәрмеңкеге айтарлықтай үлес қосқан мектеп оқушыларының жұмыстары аударды. Ұлттық нақыштағы әшекейлер, қолмен тоқылған аяқ киімдер және қыздар дайындаған тәттілер ерекше сұранысқа ие болды. Шара қонақтары жас шеберлердің шығармашылығын жоғары бағалады. Жиналған көпшілік кейіннен Мәдениет үйінің екінші қабатына көтеріліп, жас суретшілердің көрмесімен танысты және үздіктерді марапаттау рәсіміне қатысты. «Достық керуені» жобасы аясында ұйымдастырылған бұл шараның мақсаты – жаңа таланттарды анықтау болды. Көрмеге ауданның барлық шығармашылық шеберханаларының жұмыстары қойылды.

Достық керуені аясында Мәдениет үйінде «Қоғамдық келісім» мекемесі өкілдерінің қатысуымен Аналар және Ақсақалдар кеңесінің отырыстары өтті. Бұл кездесуге аудан әкімінің орынбасары Дамира Сүгірбай, ауданның әр ауылдық округінен келген Ақсақалдар және Аналар кеңестерінің өкілдері, аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлім басшысы, дін өкілдері, отбасыдағы тұрмыстық зорлық-зомбылық жөніндегі полиция департаментінің өкілі, білім беру мекемелерінің тәрбие ісі жөніндегі қызметкерлері, психолог мамандар қатысты.

Ақсақалдар, Аналар, кеңестерінің отырыстарда этносаралық қатынасты нығайту, араздық тілін болдырмау, тұрмыстық кикілжіндердің алдын алу, радикалды діни ағымдардың ықпалына ермеу, оқушылардың бірыңғай мектеп формасын киюін сақтау, отбасылық тәрбие, нәсілдік, тілдік, этносаралық алауыздықты тудыратын жалған ақпарат таратуға жол бермеу жөнінде түрлі мәселелер төңірегінде ақпараттық-түсіндірме жұмыстары қарқынды жүргізілді.

Әсіресе, отбасыдағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, ондай кикілжіндерді болдырмау мақсатында Ақсақалдар мен Аналар кеңестерінің жұмысын нығайту мәселесі талқыланды. Полиция департаментінің өкілі осы тақырып бойынша ақпарат ұсынса, психолог мамандар теріс қылықты әрекеттерді шешу жолдарын ұсынды.

АҚСАҚАЛДАН АҚЫЛ, АНАДАН КЕҢЕС



АЛТЫ БАҒЫТТАҒЫ ЖҰМЫС

Жоба аясындағы келелі кездесу Қордай ауданы мемлекеттік архивінің ғимаратында өтті. Кездесуге колледж студенттері, жастар қатысты. Әр түрлі этнос өкілдерінен құралған жастарға «Қоғамдық келісім» мекемесінің өкілдері және облыстық «Ассамблея жастары» атты қоғамдық

бірлестіктің төрайымы Хамида Турдыева өздерінің Қордайға келген мақсаттарын айтып өтті. Алғысөзді алған Хамида Турдыеваның айтуынша олар бірінші кезекте жастардың арасында татулықты дәрiптeу, құқықбұзушылықтарға бармау, бiлiмдi шындау, салауатты өмiр салтын ұстануға үндеудi

мақсат етiп келдi.

Сонымен қатар, Хамида Турдыева қоғамдық бірлестік жұмысының негізгі 6 бағытын айтып берді. Біріншісі – «Social Assembly», жастарға әлеуметтік қолдау көрсету, білім деңгейін көтеру және жұмысқа орналасуға көмектесу. Екіншісі – «Бірлік тілі», мемлекеттік тілді оқыту. Үшіншісі – «Ел мұрасы» - тарихи-мәдени мұраны сақтау. Төртіншісі – «Таза орта», экология мен қоршаған ортаны қорғау. Бесіншісі – «Қасиетті парыз», әскери-патриоттық тәрбие. Алтыншы бағыты – «Jastar media», медиажобаларды әзірлеу және медиасуаттылықты арттыру. Осыдан кейін облыс орталығынан келген қонақтар жастармен еркін форматта сұхбаттасып, олардың ойларын тыңдап, ашық диалог құрды.



СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТАР БІРЛІКТІ НЫҒАЙТАДЫ

Жамбыл облысы Қазақстан халқы ассамблеясының «Достық керуені» жобасы аясында Қордай ауылындағы бұқаралық спорт кешенінде этнос өкілдері арасында түрлі спорт түрінен сайыстар өтті.

Гір тасын көтеру, ләңгі тебу, қол күресі, арқан тарту мен асық ату, эстафеталық ойындарынан сынға түскен жастар өзара кім мықтына анықтап, жалпылама келгенде достықтың жеңіске жеткенін жеткізіп, мұндай шаралар этносаралық достықты дәрiптeудe маңызы зор екенін айтуда. Дей тұрғанымен, жалпы қортынды бойынша 1 орынды Қордай жастары жеңіп алса, II орын Степной ауылы спортшыларына бұйырды, ал үздік үштікке Бетқайнар жастарды енді.

Жарыс соңында үздіктерге ұйымдастырушы тараптан сыйлықтар ұсынылды.

Концерттік бағдарлама

Жамбыл облысының 85 жылдығына арналған «Достық керуені» жобасы аясында Қордай аудандық Мәдениет үйінде «Татулық – достықтың кепілі» атты этномәдени бірлестіктердің концерттік бағдарламасы өтті. Іс-шара өңірдің көпұлтты халқына бейбітшілік пен достықтың құндылықтарын дәрiптeудi мақсат еттi.

Концерттік бағдарлама «Аққу» халықтық би ансамблінің әсерлі «Достық сюитасымен» ашылды. Бағдарлама барысында халықтық «Соседушки» фольклор ансамблі өнер көрсетті, ал Қ.Қожағазина «Саржайлау»

өнін «Чунтян» халықтық ән-би ансамблінің сүйемелдеуімен орындап, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Сонымен қатар, аудан өнерпаздарының арнайы әзірлеген концерттік нөмірлері көпшіліктің қошеметіне ие болды.

Іс-шара соңында этномәдени бірлестіктердің жетекшілері мен аудан азаматтары ел бірлігі мен татулығын нығайтуға қосқан үлестері үшін Алғыс хаттармен марапатталды. Бұл шара аудан тұрғындарының береке-бірлігін нығайтуға, түрлі ұлт өкілдерінің өзара достығын көрсетуге арналған тамаша мереке ретінде есте қалды.



СЕМИНАР

ҚАЗАҚ ТІЛІН МЕНГЕРУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

ҚАЗАҚ ТІЛІ – ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ РУХАНИ БАЙЛЫҒЫ, АТАДАН БАЛАҒА, ҰРПАҚТАН – ҰРПАҚҚА МИРАС БОЛЫП ҚАЛЫП ОТЫРҒАН БАҒА ЖЕТ-ПЕС АСЫЛ МҰРА. АНА ТІЛДІҢ ҚАСИЕТІ ТУРАЛЫ ҚАНША АЙТСАҚ ТА ТАУСЫЛМАЙДЫ. БЕЙСЕНБІ КҮНІ ОБЛЫС ӘКІМДІГІНІҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ТІЛДЕРДІ ДАМУ ТАСҚАРМАСЫ ЖӘНЕ АУДАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ТІЛДЕРДІ ДАМУ БӨЛІМІНІҢ БІРЛЕСУІМЕН, «ТІЛДЕРДІ ОҚИТУ: ІЗДЕНІС ЖӘНЕ АУДАСТЕМЕ» ӘДІСТЕМЕЛІК ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ СЕМИНАРЫН ӨТКІЗДІ.

Ата Заңымызда Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі деп айқын жазылған. Оны білу, құрметтеу – барша қазақстандықтардың асыл борышы, басты парызы. Республикамызда тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру бойынша іс қимыл жоспарына сәйкес, Тілдерді оқыту мәселесіне байланысты «Жетілдірілген әдістемемен мемлекеттік тілді оқыту курстарынан өткендер саны» деген индикатор белгіленген. Соған сәйкес, мемлекеттік тілді үйренушілер санын ағымдағы жылы 4000 адамға жеткізу жоспарланған. Бүгінгі күні 3885 тыңдаушы тартылған. Жыл қорытындысымен белгіленген меже орындалады деп күтілуде. Қазіргі уақытта Қордай ауданы бойынша мемлекеттік тілді оқыту курстарынан – 1397 адам өткен. Оның 89,2%-ы (1247 адам) өзге этнос өкілдері.

Ауқымды семинарға Жамбыл облысы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының басшысы Е.Жүнісбай, аудан әкімінің орынбасары Д.Сүгірбай, тілдерді оқыту орталығының бөлім басшысы Ш.Бахытбек, аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы С.Балпукова, «Тілдерді оқыту орталығының» директоры Б.Ыбышева, «Тілдерді оқыту орталығы», Жуалы аудандық бөлімшесінің қазақ тілі курсының оқытушысы Ж.Андасбек және өзге этнос өкілдері қатысты.

«Облыста қазіргі тілдік ахуал қазақ тілінде сөйлейтіндердің басымдығымен сипатталады. Осы орайда, іс жүзінде этнос өкілдерінің



өзара сөйлесу тілін қазақ тіліне айналдыру қажет. Әрине, сіздер ҚР Ұлттық стандартына сәйкес арнайы бағдарламамен оқытатындықтарыңыз белгілі. Алайда, тіл үйрету сабақтарының басым бөлігін қарапайым әдіс арқылы, ауызекі сөйлеу дағдыларын қалыптастыру бағытында жүргізуді ұсынар едім. Мысалы, этнос өкілдеріне тілдік орта қалыптастыру, қазақ тілін сөйлеу арқылы тез меңгеру мақсатында «Шаңырақ», «SOILE» сияқты жобаларды көптеп жүзеге асыру қажет. Осы орайда басқарма тарапынан сіздерге әдістемелік көмек ретінде қазақ тілін ересек тұрғындарға оңай әрі жылдам үйретудің әдіс-тәсілдерімен бөлісу үшін семинар ұйымдастыруды жөн көрдік. Ендеше, алдағы уақытта тіл саясатын

дамытудағы жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін», - деді басқосуда сөз алған Ерлан Нұрманұлы.

Келесі сөз кезегі аудан әкімінің орынбасарына ұсынылды.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ тілі бизнестің, ғылым мен техниканың тіліне айнала бастады. Қазақ тілін дамытамыз десек, қазіргі заманғы әдіс-тәсілдерді барынша тиімді пайдаланған дұрыс», - деген болатын. Мемлекеттік тілді үйренуге деген құлшынысты қолдап, көпұлттық ауданымызда осы салада біраз істер атқарып отырған бөлім мен мекемелердің еңбегі ұшан-теңіз екенін атап өткім келеді. Соған сәйкес, тұрақты тілдік ахуал қалыптасып келеді. Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру мен

қолданыс аясын кеңейтуге арналған әртүрлі бағыттағы шаралар дәстүрлі түрде жалғасын табады деген сенімдеміз. Жүйелі жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін!», - деді Дамира Маратқызы.

Одан әрі, тілдерді дамыту бөлімінің қызметкерлері мен тілдердің оқыту орталықтары оқытушыларының жетекшілігімен, қазақ тілін игеремін деп мақсат қойған өзге этнос өкілдеріне ой ерісті кеңейтетін тапсырмалар беріліп, түрлі деңгейдегі семинар-тренингтер өткізілді.

Осыдан кейін, тағылымы мол шара Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Қордай» құран қариларын дайындау орталығы мен ауылдық мәдениет үйіне ат басын бұрды. Дәл осы мақсатта шара барысы Сортобе ауылдық округінің «Имамдар» үйінде жалғасын тапты.

Өңірде мемлекеттік тіл саясатын насихаттау, тілдерді оқыту орталығы оқытушыларымен өзара тәжірибе алмасу, қазақ тілін оқытуды жетілдіру, сондай-ақ, мемлекеттік тілдің одан әрі дамуы мен практикалық қолданылуын ынталандыруды жүзеге асыру семинардың басты мақсаты.

«Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады», деп халқымыздың ұлы ағартушысы Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, кез-келген халықтың мәңгілік болып қалуы – оның ана тілінің сақталып қалуында болса керек. Тіліміздің жағдайы тұрақталып, өрісі кеңейе берсін демекпіз!

Әділет ҚҰТТЫБАЙ

«СЫРЛАСАЙЫҚ, КӨЛ ЖЕҢГЕЙ»

Жақында Сарыбұлақ ауылдық мәдениет үйінде «AMANAT» партиясының қолдауымен Ұлттық мұра жобасы аясында «Сырласайық кел жеңгей» атты қайын сіңілілер мен жеңгелердің арасында байқау өтті.

Жеңге мен қайын сіңілі арасындағы өзара сыйластықты, бір-біріне деген сүйіспеншілікті нығайтып, жеңге мен қыз арасындағы тәрбиені одан әрі дамытуға бағытталған сайысқа 5 жұп қатысты.

Қатысушылар 4 кезең бойынша сайысқа түсті, атап айтар болсақ: «Сәлемменен басталар сөз атасы», «Өнерге әркімнің-ақ бар таласы», «Жеңгесі бар қандайды», «Сырласайық, көл жеңгей» деп аталды.

Сайыс қорытындысы бойынша I орынды жеңгесі Ақбөпе, қайын сіңілісі Қали Диана, II орынды жеңгесі Алауатдинова Гүлжанат, қайын сіңілісі Мешітбай Кәусар, III орынды жеңгесі Амангүл, қайын сіңілісі Фафуова Феруза жеңіп алды.



Жеңімпаздар «AMANAT» партиясының арнайы сыйлықтармен марапатталса, сонымен қатар өзге де қатысушыларға партия атынан ынталандыру сыйлықтары берілді.

ДЕНСАУЛЫҚ ҚАРТПАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ

«№7 Қордай аудандық арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсыну Орталығы» КММ-де әлеуметтік-медициналық бағыт бойынша мейірбикелер тек дәрі-дәрмек беріп, дәрігердің тағайындалымы бойынша инъекцияларды ғана жасап қоймай, аурудың алдын алу жұмыстары жоғарғы деңгейге қойылып, ол бойынша күнделікті тиісті жұмыстар атқарылуда.

Атап айтқанда, ағарту іс-шаралары бойынша жылдық жоспар құрылып, ай сайын лекция, дөңгелек үстел, тренингтер жүргізілуде. Ол жоспарға ЖРВИ, тұмаудың алдын алу жолдары, денсаулықты күту, тазалық ұстау т.с.с. мәселелер көтерілген. Аурудың алдын алу мақсатында Қордай ауданының орталық ауруханасымен бірлесе отырып, әлеуметтік қызмет алушыларға ТҰМАУ-ға қарсы еkle егіліп, онымен қоса күнделікті қызмет алушылардың жатын бөлмелеріне, асханаға, дәліздерге, мамандар

кабинетіне, емшара бөлмесіне, әжетханаларда екі мезгіл дезинфекция құралымен ағымдағы тазалау жүргізіліп, әр бөлме күнделікті кварцталады. Сонымен қатар, емшара бөлмесінде аптасына бір рет, орталықта айына 1 рет жалпы тазалау жұмыстары және дезинфекция, дератизация және дезинсекция жұмыстары жоспарға сәйкес келісім-шарт құрылған мекемемен жүргізілуде.

Орталық мейірбикелері қызмет алушыларды күнделікті бақылап, ЖРВИ симптомдарын байқағанда, уақыт келіп, дәрігерді шақыртып, керекті тағайындалымдарын алады. Дәрігердің тағайындалымдары бойынша дәрі-дәрмектері қамтамасыз етіліп, уақытылы беріледі.

Иммунитетті жақсарту мақсатында, маусымдық ас мезіріне көшіп, дәрумендерге толы түрлі тағамдар ас мезіріне қосылып, аптасына 2-3 рет үзбей жеміс-жидектері беріліп тұрады.

А.АЛМАТАЕВА,
орталық директоры

СОТ ЗАЛЫНАН ШЕКАРАНЫ ЗАҢСЫЗ КЕСІП ӨТКЕН

Қордай аудандық сотымен Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын қасақана заңсыз кесіп өткен, деп айыпталған 5 адамға қатысты қылмыстық іс қаралды (ҚК-нің 392 бабының 1-бөлігімен).

30 маусым күні сотталушылар – Пәкістан Ислам Республикасының азаматтары Қырғыз Республикасының аумағынан бақылау өткізу пункттерінен тыс қасақана заңсыз Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан Қордай ауданы «Сортобе» бақылау пунктінен автокөлікте тығылып өткен. Алайда, 3 шілде 2024 жылы сотталушылар Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Алматы облысы бойынша шекара қызметі департаментінің жедел тобымен Алматы қаласында «Mans» хостелінде ұсталды.

Сотталушылар Қырғызстан Республикасына жұмыс іздеп келген, алайда Бішкек қаласында жүріп олар ақша таба алмаған. Содан кейін Қазақстан Республикасы арқылы транзитпен Европа елдеріне баруды көздеген.

Сотта сотталушылар кінәлерін мой-

ындады. Кінәлері айғақтарымен, бейнежазбалармен, заттай дәлелдемелермен және істің басқа да материалдарымен расталды.

Сот жазаны тағайындау кезінде қылмыстық жауапкершілік пен жазаны жеңілдететін мән-жайлар ретінде шын жүректен өкінулерін таныды. Жазаны ауырлататын мән-жайға қылмыстық құқық бұзушылықтың адамдар тобымен алдын ала сөз байласуы арқылы жасауы танылды.

Соттың үкімімен 5 сотталушыға (Пәкістан Ислам Республикасының азаматтарына) Қазақстан Республикасынан 5 жыл мерзімге шығарып жібере отырып, әрқайсысына 6 айға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды.

Соңғы екі жылда Қордай аудандық сотымен осыған ұқсас ҚР ҚК-нің 392 бабымен /Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қасақана заңсыз кесіп өту/ 2023 жылы 68 Пәкістан азаматына қатысты 20 қылмыстық іс, 2024 жылы 67 Пәкістан азаматына қатысты 11 қылмыстық іс қаралып, заңды жазаларын алды.

Үкім заңды күшіне енді.

Қордай аудандық соты

ХАБАР

ЕВРАЗИЯ

ПЕРВЫЙ КАНАЛ

ҚАЗАҚСТАН

МИР

ДҮЙСЕНБІ 2 ЖЕЛТОҚСАН

05.00, 01.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
05.00 «КІМ МЫҚТЫ?»
07.00 «ОЯН!»
10.00, 20.00 Т/Х «ӨМІР ҒАЖАП»
12.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН»
14.00, 21.45 Т/Х «НЕСІБЕЛІ НЕСИЕ»
15.00 Т/Х «МӘДЕНИЕТ ҮЙІ»
15.30 «ТАМАША»
16.00, 22.30 СЕРИАЛ «НЕЗАКРЫТАЯ МИШЕНЬ»
18.00 «PRESIDENT»
18.30 НОВОСТИ
19.00 «ӘЛЕУМЕТ»
19.30 ЖАҒАЛЫҚТАР

СЕЙСЕНБІ 3 ЖЕЛТОҚСАН

05.00, 01.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
05.00 «КІМ МЫҚТЫ?»
07.00 «ОЯН!»
10.00, 20.00 Т/Х «ӨМІР ҒАЖАП»
12.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН»
14.00, 21.45 Т/Х «НЕСІБЕЛІ НЕСИЕ»
15.00 Т/Х «МӘДЕНИЕТ ҮЙІ»
15.30 «ТАМАША»
16.00, 22.30 СЕРИАЛ «НЕЗАКРЫТАЯ МИШЕНЬ»
18.00 «НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ»
18.30 НОВОСТИ
19.00 ТОК-ШОУ «ИТОГИ»
19.30 ЖАҒАЛЫҚТАР

СӘРСЕНБІ 4 ЖЕЛТОҚСАН

05.00, 01.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
05.00 «КІМ МЫҚТЫ?»
07.00 «ОЯН!»
10.00, 20.00 Т/Х «ӨМІР ҒАЖАП»
12.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН»
14.00, 21.45 Т/Х «НЕСІБЕЛІ НЕСИЕ»
15.00 Т/Х «МӘДЕНИЕТ ҮЙІ»
15.30 «ТАМАША»
16.00, 22.30 СЕРИАЛ «НЕЗАКРЫТАЯ МИШЕНЬ»
18.00 «КӨЗҚАРАС»
18.30 НОВОСТИ
19.00 ТОК-ШОУ «ТАЛҚЫ»
19.30 ЖАҒАЛЫҚТАР

БЕЙСЕНБІ 5 ЖЕЛТОҚСАН

05.00, 01.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
05.00 «БАҚЫТТЫҢ КІЛТІ»
06.00 «ХИТ ЖАЗАМЫЗ»
07.00 «ОЯН!»
10.00, 20.00 Т/Х «ӨМІР ҒАЖАП»
12.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН»
14.00, 21.45 Т/Х «НЕСІБЕЛІ НЕСИЕ»
15.00 Т/Х «МӘДЕНИЕТ ҮЙІ»
15.30 «ТАМАША»
16.00, 22.30 СЕРИАЛ «НЕЗАКРЫТАЯ МИШЕНЬ»
18.00 «БІЗДІҢ НАЗАРДА»
18.30 НОВОСТИ
19.00 ТОК-ШОУ «ИТОГИ»
19.30 ЖАҒАЛЫҚТАР

ЖҰМА 6 ЖЕЛТОҚСАН

05.00, 01.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
05.00 «БАҚЫТТЫҢ КІЛТІ»
06.00 «ХИТ ЖАЗАМЫЗ»
07.00 «ОЯН!»
10.00, 20.00 Т/Х «ӨМІР ҒАЖАП»
12.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН»
14.00, 21.45 Т/Х «НЕСІБЕЛІ НЕСИЕ»
15.00 Т/Х «МӘДЕНИЕТ ҮЙІ»
15.30 «ТАМАША»
16.00, 22.30 СЕРИАЛ «НЕЗАКРЫТАЯ МИШЕНЬ»
18.00 «КӨЗҚАРАС»
18.30 НОВОСТИ
19.00 ТОК-ШОУ «ТАЛҚЫ»
19.30 ЖАҒАЛЫҚТАР

СЕНБІ 7 ЖЕЛТОҚСАН

05.00, 01.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
05.00 «МӘРТЕБЕЛІ ӨНЕР»
06.30 «АСЫЛ ҚАЗЫНА»
07.30 КОНЦЕРТ «ВАЛЬС»
08.30 «ӨЗ ЕЛІМ»
09.05 «КУЛЬТУРНЫҢ КОНТЕКСТ»
09.35 «НЕОСЕТЬ»
10.00 МУЛЬТФИЛЬМ «ИНДЮКИ: НА-ЗАД В БУДУЩЕЕ»
11.20 МУЛЬТФИЛЬМ «ПАНДА И КИВИ»
12.00, 21.45 «НА ЛИНИИ ОГНЯ»
14.00 «ҚЫЗЫҚ TIMES»
15.30 Х/Ф «ГЛАМУР ДЛЯ ДУР»
17.00 «ТАМАША»
17.45 «АСЫЛ ДОМБЫРА»
19.00 «COVER SHOW»
21.00 «7 КҮН»
23.45 «ОЙНАIQ»

ЖЕКСЕНБІ 8 ЖЕЛТОҚСАН

05.00, 00.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
05.00 «МӘРТЕБЕЛІ ӨНЕР»
06.30 «АСЫЛ ҚАЗЫНА»
07.30 КОНЦЕРТ «ТУҒАН ЕЛ»
08.30 «ЖЕРҰЙЫҚ»
09.00 «ҚАЗАҚ ЕЛІ»
09.30 МУЛЬТФИЛЬМ «ИНДЮКИ: НА-ЗАД В БУДУЩЕЕ»
10.40 МУЛЬТФИЛЬМ «КРУТЫЕ ЯЙЦА-2»
12.00, 21.45 «ПОСЛЕДСТВИЯ»
14.00 «COVER SHOW»
16.00 Х/Ф «5 ПРИЧИН НЕ ВЛЮБИТЬСЯ В КАЗАХА»
17.30 «ТАМАША»
18.00 «ОЙНАIQ»
19.00 «QUNAR+»
19.30 «ҚЫЗЫҚ TIMES»
21.00 «7 КҮН»
23.45 «АЛҒАШҚЫ»

ДҮЙСЕНБІ 2 ЖЕЛТОҚСАН

06.00 «ПРАВДА О ДЕЛЕ КВЕБЕРТА»
07.00, 19.00 «KOREMIZ»
08.00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
09.00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10.05 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»
11.00 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»
11.55 СЕРИАЛ «ДОМ С ЛИЛИЯМИ»
13.05 СЕРИАЛ «ЛИЦЕМЕРЫ»
14.00, 02.00 «НОВОСТИ»
14.15, 02.15 «ЖАҒАЛЫҚТАР»
14.30 «QOSLIKE»
18.30, 03.55 «БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 СЕРИАЛ «ПЕРВЫЙ ОТДЕЛ - 3»
01.00 «ХИРОМАНТ. ЛИНИИ СУДЕБ»
02.30 Т/Х «ТАЙНЫ БОРГО ЛАРИЧИ»
04.25 «ҰШҚАЛАҚ»

СЕЙСЕНБІ 3 ЖЕЛТОҚСАН

06.00 «ПРАВДА О ДЕЛЕ КВЕБЕРТА»
07.00, 19.00 «KOREMIZ»
08.00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
09.00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10.05 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»
11.00 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»
11.55 СЕРИАЛ «ДОМ С ЛИЛИЯМИ»
13.05 СЕРИАЛ «ЛИЦЕМЕРЫ»
14.00, 02.00 «НОВОСТИ»
14.15, 02.15 «ЖАҒАЛЫҚТАР»
14.30 «QOSLIKE»
18.30, 03.55 «БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 СЕРИАЛ «ПЕРВЫЙ ОТДЕЛ - 3»
01.00 «ХИРОМАНТ. ЛИНИИ СУДЕБ»
02.30 Т/Х «ТАЙНЫ БОРГО ЛАРИЧИ»
04.25 «ҰШҚАЛАҚ»

СӘРСЕНБІ 4 ЖЕЛТОҚСАН

06.00 «ПРАВДА О ДЕЛЕ КВЕБЕРТА»
07.00, 19.00 «KOREMIZ»
08.00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
09.00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10.05 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»
11.00 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»
11.55 СЕРИАЛ «ДОМ С ЛИЛИЯМИ»
13.05 СЕРИАЛ «ЛИЦЕМЕРЫ»
14.00, 02.00 «НОВОСТИ»
14.15, 02.15 «ЖАҒАЛЫҚТАР»
14.30 «QOSLIKE»
18.30, 03.55 «БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 СЕРИАЛ «ЛИХАЧ»
01.00 «ХИРОМАНТ. ЛИНИИ СУДЕБ»
02.30 Т/Х «ТАЙНЫ БОРГО ЛАРИЧИ»
04.25 «ҰШҚАЛАҚ»

БЕЙСЕНБІ 5 ЖЕЛТОҚСАН

06.00 Т/Х «ПАРТНЕРЫ ПО ПРЕСТУПЛЕ-НИЮ»
06.00 «ПРАВДА О ДЕЛЕ КВЕБЕРТА»
07.00, 19.00 «KOREMIZ»
08.00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
09.00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10.05 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!»
11.00 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»
11.55 СЕРИАЛ «ДОМ С ЛИЛИЯМИ»
13.05 СЕРИАЛ «ЛИЦЕМЕРЫ»
14.00, 02.00 «НОВОСТИ»
14.15, 02.15 «ЖАҒАЛЫҚТАР»
14.30 «QOSLIKE»
18.30, 03.55 «БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 СЕРИАЛ «ЛИХАЧ»
01.00 «ХИРОМАНТ. ЛИНИИ СУДЕБ»
02.30 Т/Х «ТАЙНЫ БОРГО ЛАРИЧИ»
04.25 «ҰШҚАЛАҚ»

ЖҰМА 6 ЖЕЛТОҚСАН

06.00 Т/Х «ПАРТНЕРЫ ПО ПРЕСТУПЛЕ-НИЮ»
07.00, 19.00 «KOREMIZ-ШОУ»
08.00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
09.00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10.05 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!»
11.00 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»
11.55 СЕРИАЛ «ДОМ С ЛИЛИЯМИ»
13.05 СЕРИАЛ «ЛИЦЕМЕРЫ»
14.00, 02.25 «НОВОСТИ»
14.15, 02.40 «ЖАҒАЛЫҚТАР»
14.30 «QOSLIKE»
18.30, 04.10 «БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.30 «ПАРЛАМЕНТ ONLINE»
20.55 «ПОЛЕ ЧУДЕС»
22.10 СЕРИАЛ «ЛИХАЧ»
02.50 Т/Х «ТАЙНЫ БОРГО ЛАРИЧИ»

СЕНБІ 7 ЖЕЛТОҚСАН

06.00, 04.25 «ҰШҚАЛАҚ»
06.30 Т/Х «ПАРТНЕРЫ ПО ПРЕСТУПЛЕ-НИЮ»
08.25 «П@УТИНА»
09.25 «САЙМАҚ»
10.00 «ПОЕХАЛИ!»
10.50 Х/Ф «СРЕДНИЙ РОД. ЕДИН-СТВЕННОЕ ЧИСЛО»
13.00 СЕРИАЛ «ГРУППА ZETA-2»
17.00 «ТОЧЬ-В-ТОЧЬ»
19.00 «KOREMIZ-ШОУ»
20.00, 02.25 «АСАУ ЖАҒАЛЫҚТАР»
20.30 «ЗАҢ МЕН ЕЛ»
21.00 «НЕ ХОЧУ ТЕБЯ ТЕРЯТЬ»
00.50 Х/Ф «ПОБЕГ ЗА МЕЧТОЙ»
02.55 Т/Х «МИНИАТОРИСТ»

ЖЕКСЕНБІ 8 ЖЕЛТОҚСАН

06.00 Т/Х «ПАРТНЕРЫ ПО ПРЕСТУПЛЕ-НИЮ»
07.40, 03.20 «П@УТИНА»
08.40 «ЗАҢ МЕН ЕЛ»
09.05 «ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ»
09.15 СЕРИАЛ «ДВИГАТЕЛЬ ВНУТРЕН-НЕГО СГОРАНИЯ»
13.45 СЕРИАЛ «ГРУППА ZETA-2»
18.00 Х/Ф «ЖГИ!»
20.00 «АНАЛИТИКА»
20.45 СЕРИАЛ «ПОРТРЕТ ЛЮБИМОГО»
00.30 «ТИХАЯ ЗАСТАВА»
02.20 Т/Х «МИНИАТОРИСТ»
04.05 «ҰШҚАЛАҚ»

ДҮЙСЕНБІ 2 ЖЕЛТОҚСАН

05.00 ТЕЛЕКАНАЛ «ДОБРОЕ УТРО» (6+)
09.00, 11.00, 14.00, 17.00, 03.00 НОВОСТИ
09.10 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР» (6+)
10.00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!» (16+)
10.45, 11.20, 23.50, 02.30, 03.05 ПОДКАСТ. ЛАБ (16+)
13.00, 14.15, 16.00, 19.00, 22.35 ИНФОРМА-ЦИОННЫЙ КАНАЛ (16+)
15.30 «АНТИФЕЙК» (16+)
17.20 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!» (16+)
18.10 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ» (16+)
20.00 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» (16+)
21.00 «ВРЕМЯ»
21.45, 04.05 СЕРИАЛ «ПЕРСОНАЛЬНЫЙ АССИСТЕНТ» (16+)
01.35 «БОЛЬШОЕ НЕБО» (16+)

СЕЙСЕНБІ 3 ЖЕЛТОҚСАН

05.00 ТЕЛЕКАНАЛ «ДОБРОЕ УТРО» (6+)
09.00, 11.00, 14.00, 17.00, 03.00 НОВОСТИ
09.10 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР» (6+)
10.00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!» (16+)
10.45, 11.20, 14.15, 16.00, 19.00, 22.35 ИН-ФОРМАЦИОННЫЙ КАНАЛ (16+)
15.30 «АНТИФЕЙК» (16+)
17.20 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!» (16+)
18.10 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ» (16+)
20.00 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» (16+)
21.00 «ВРЕМЯ»
21.45, 04.05 СЕРИАЛ «ПЕРСОНАЛЬНЫЙ АССИСТЕНТ» (16+)
23.50, 02.30, 03.05 ПОДКАСТ.ЛАБ (16+)
01.35 «БОЛЬШОЕ НЕБО» (16+)

СӘРСЕНБІ 4 ЖЕЛТОҚСАН

05.00 ТЕЛЕКАНАЛ «ДОБРОЕ УТРО» (6+)
09.00, 11.00, 14.00, 17.00, 03.00 НОВОСТИ
09.10 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР» (6+)
10.00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!» (16+)
10.45, 11.20, 14.15, 16.00, 19.00, 22.35 ИН-ФОРМАЦИОННЫЙ КАНАЛ (16+)
15.30 «АНТИФЕЙК» (16+)
17.20 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!» (16+)
18.10 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ» (16+)
20.00 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» (16+)
21.00 «ВРЕМЯ»
21.45, 04.05 СЕРИАЛ «ПЕРСОНАЛЬНЫЙ АССИСТЕНТ» (16+)
23.50, 02.30, 03.05 ПОДКАСТ.ЛАБ (16+)
01.35 «БОЛЬШОЕ НЕБО» (16+)

БЕЙСЕНБІ 5 ЖЕЛТОҚСАН

05.00 ТЕЛЕКАНАЛ «ДОБРОЕ УТРО» (6+)
09.00, 11.00, 14.00, 17.00, 03.00 НОВОСТИ
09.10 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР» (6+)
10.00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!» (16+)
10.45, 11.20, 14.15, 16.00, 19.00, 22.35 ИН-ФОРМАЦИОННЫЙ КАНАЛ (16+)
15.30 «АНТИФЕЙК» (16+)
17.20 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!» (16+)
18.10 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ» (16+)
20.00 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» (16+)
21.00 «ВРЕМЯ»
21.45, 04.05 СЕРИАЛ «ПЕРСОНАЛЬНЫЙ АССИСТЕНТ» (16+)
23.50 «КОНСТАНТИН СИМОНОВ. ЖДИ МЕНЯ. И Я ВЕРНУСЬ» (16+)
23.50, 02.30, 03.05 ПОДКАСТ.ЛАБ (16+)
01.35 СЕРИАЛ «БОЛЬШОЕ НЕБО» (16+)

ЖҰМА 6 ЖЕЛТОҚСАН

05.00 ТЕЛЕКАНАЛ «ДОБРОЕ УТРО» (6+)
09.00, 11.00, 14.00, 17.00 НОВОСТИ
09.10 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР» (6+)
09.55 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!» (16+)
10.35, 11.20, 14.15, 16.00 ИНФОРМАЦИОН-НЫЙ КАНАЛ (16+)
15.30 «АНТИФЕЙК» (16+)
17.40 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!» (16+)
18.20 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ» (16+)
19.05 «ЧЕЛОВЕК И ЗАКОН» (16+)
19.55 «ПОЛЕ ЧУДЕС» (16+)
21.00 «ВРЕМЯ»
21.45 «ФАНТАСТИКА» (12+)
23.30 СПЕЦПРОЕКТ. «30 ЛЕТ ВМЕСТЕ».
«МИНУТА СЛАВЫ» (12+)
01.05, 04.25 ПОДКАСТ.ЛАБ (16+)
02.55 ФИЛЬМ «ВОРЫ В ЗАКОНЕ» (16+)

СЕНБІ 7 ЖЕЛТОҚСАН

06.00 «ДОБРОЕ УТРО. СУББОТА» (6+)
09.05 «УМНИЦЫ И УМНИКИ» (12+)
09.45 «СЛОВО ПАСТЫРЯ» (6+)
10.00, 12.00, 18.00 НОВОСТИ
10.15 «САВЕЛИЙ КРАМАРОВ. ДЖЕНТЛЬ-МЕН УДАЧИ. СМЕШНОЙ ДО СЛЕЗ» (12+)
11.00 «ПОЕХАЛИ!» (12+)
12.20 «ПРОТИВОСТОЯНИЕ» (16+)
15.35 «ОЛЕГ БАСИЛАШВИЛИ. ТОСТУЕ-МЫЙ ПЬЕТ ДО ДНА» (16+)
16.25 «Я К СЕБЕ НЕ ПУСКАЮ» (12+)
17.10 «КТО ХОЧЕТ СТАТЬ МИЛЛИОНЕ-РОМ?» (12+)
18.20 «ДЖЕНТЛЬМЕНЫ, УДАЧИ!» (16+)
20.05 «ЭКСКЛЮЗИВ» (16+)
21.00 «ВРЕМЯ»
21.35 «КВН». КУБОК МЭРА МОСКВЫ (16+)
23.30 ФИЛЬМ «КОРСАЖ» (18+)
01.20, 04.25 ПОДКАСТ.ЛАБ (16+)
03.10 «РОДИТЕЛИ СТРОГОГО РЕЖИМА»

ЖЕКСЕНБІ 8 ЖЕЛТОҚСАН

06.00, 10.00, 12.00, 18.00 НОВОСТИ
06.10, 00.00, 03.20 ПОДКАСТ.ЛАБ (16+)
07.25 «ИГРАЙ, ГАРМОНЬ, ЛЮБИМАЯ!»
08.05 «ЧАСОВОЙ» (12+)
08.35 «ЗДОРОВЬЕ» (16+)
09.30 «НЕПУТЕВЫЕ ЗАМЕТКИ» (12+)
10.15 «ЖИЗНЬ СВОИХ» (12+)
11.00 «ПОВАРА НА КОЛЕСАХ» (12+)
12.20 «В МОЕЙ ДУШЕ ПОКОЯ НЕТ» (12+)
13.05 «НА ВЕРХНЕЙ МАСЛОВКЕ» (12+)
15.05 «ДЖЕНТЛЬМЕНЫ УДАЧИ». ВСЕ ОТ-ТЕНКИ СЕРОГО» (12+)
15.50 ФИЛЬМ «СТИЛЯГИ» (16+)
19.10 «ТОЧЬ-В-ТОЧЬ» (16+)
21.00 «ВРЕМЯ»
23.00 «ЧТО? ГДЕ? КОГДА?» (16+)
01.50 ФИЛЬМ «ГУЛЯЙ, ВАСЯ!» (16+)

ДҮЙСЕНБІ 2 ЖЕЛТОҚСАН

06.00, 04.45 ӘНҰРАН
06.05 «ЖӘДІГЕР»
06.30, 03.40 «ІНЖУ-МАРЖАН»
07.00 «TANSHOLPAN» ТИКЕЛЕЙ ЭФИР
10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ
10.10 Т/Х «САБАЗ БЕН СҰЛУ»
12.10, 02.35 «ТАТУ-ТЭТТИ»
13.30 «АҢСАҒАН СӘБИ»
14.10 «АПТА»
15.00 Т/Х «ҚАРА ШАҢЫРАҚ»
17.10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...»
18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ»
20.30, 00.50 «АШЫҚ АЛАҢ»
21.25 Т/Х «КӨРШІНІҢ ҚЫЗЫ»
22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР»
23.15 «1001 ТҮН»

СЕЙСЕНБІ 3 ЖЕЛТОҚСАН

06.00, 04.45 ӘНҰРАН
06.05, 04.00 «ЖӘДІГЕР»
06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ
07.00 «TANSHOLPAN» ТИКЕЛЕЙ ЭФИР
10.10 Т/Х «САБАЗ БЕН СҰЛУ»
12.10, 02.55 «ТАТУ-ТЭТТИ»
13.30 «АҢСАҒАН СӘБИ»
14.10 «АҚОРДА»
14.25, 01.35 «ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ»
15.00, 21.25 Т/Х «КӨРШІНІҢ ҚЫЗЫ»
16.00 Т/Х «ҚАРА ШАҢЫРАҚ»
17.10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...»
18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ»
20.30, 00.50 «АШЫҚ АЛАҢ»
22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР»
23.15 «1001 ТҮН»

СӘРСЕНБІ 4 ЖЕЛТОҚСАН

06.00, 04.45 ӘНҰРАН
06.05 «ЖӘДІГЕР»
06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.20 АҚПАРАТ
07.00 «TANSHOLPAN» ТИКЕЛЕЙ ЭФИР
10.10 Т/Х «САБАЗ БЕН СҰЛУ»
12.10, 03.05 «ТАТУ-ТЭТТИ»
13.30 «АҢСАҒАН СӘБИ»
14.10, 00.55 «ҚОС ПАЛАТА»
14.35, 04.10 «КЛИМАТ»
15.00, 21.25 Т/Х «КӨРШІНІҢ ҚЫЗЫ»
16.00 Т/Х «ҚАРА ШАҢЫРАҚ»
17.10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...»
18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ»
20.30, 01.20 «АШЫҚ АЛАҢ»
22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР»
23.15 «1001 ТҮН»

БЕЙСЕНБІ 5 ЖЕЛТОҚСАН

06.00, 04.45 ӘНҰРАН
06.05 «ЖӘДІГЕР»
06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ
07.00 «TANSHOLPAN» ТИКЕЛЕЙ ЭФИР
10.10 Т/Х «САБАЗ БЕН СҰЛУ»
12.10, 02.45 «ТАТУ-ТЭТТИ»
13.30 «АҢСАҒАН СӘБИ»
14.10, 03.50 «ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ»
14.45 «ЕРКІТІЛЕР КҮНІ»
15.05, 21.25 Т/Х «КӨРШІНІҢ ҚЫЗЫ»
16.00 Т/Х «ҚАРА ШАҢЫРАҚ»
17.10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...»
18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ»
20.30, 00.50 «АШЫҚ АЛАҢ»
22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР»
23.15 «1001 ТҮН»

ЖҰМА 6 ЖЕЛТОҚСАН

06.00, 04.35 ӘНҰРАН
06.05 «ЖӘДІГЕР»
06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 23.30 АҚПАРАТ
07.00 «TANSHOLPAN» ТИКЕЛЕЙ ЭФИР
10.10 Т/Х «САБАЗ БЕН СҰЛУ»
12.10, 02.25 «ТАТУ-ТЭТТИ»
13.30 «АҢСАҒАН СӘБИ»
14.10 «АТАМЕКЕН»
14.35 «ДӘУІР ДАНАЛАРЫ»
15.05, 21.25 Т/Х «КӨРШІНІҢ ҚЫЗЫ»
16.00 Т/Х «ҚАРА ШАҢЫРАҚ»
17.10, 03.30 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...»
18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ»
20.30, 00.35 «АШЫҚ АЛАҢ»
21.25 «ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСА»
22.35 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР»
00.05 «ПАРАСАТ МАЙДАНЫ»

СЕНБІ 7 ЖЕЛТОҚСАН

06.00, 03.45 ӘНҰРАН
06.05 «АУЫЛДАСТАР»
06.30, 17.00, 01.05 АҚПАРАТ
07.00, 02.55 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...»
07.50 «КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ»
09.00, 02.05 «ТЕЛЕДРӨГЕР»
10.00 Т/Х «САБАЗ БЕН СҰЛУ»
12.00 МУЛЬТФИЛЬМ «ЛИЛО МЕН СТИЧ»
13.25 «АТАМЕКЕН»
14.00 Т/Х «ПАРЫЗ»
17.20, 01.25 «ҚОС ПАЛАТА»
17.40, 01.45 «ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ»
18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ»
20.00 «ЖҰЛДЫЗДЫ ЖҰП. ҮЗДІКТЕР»
21.55 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР»
22.50 КӨРКЕМ ФИЛЬМ «БІРЖАН САЛ»

ЖЕКСЕНБІ 8 ЖЕЛТОҚСАН

06.00, 04.15 ӘНҰРАН
06.05 «АУЫЛДАСТАР»
06.30 «ДӘУІР ДАНАЛАРЫ»
07.15 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...»
08.05 «АҚСАҒЫТ»
08.30 МУЛЬТФИЛЬМ «ЛИЛО МЕН СТИЧ»
10.00 Т/Х «САБАЗ БЕН СҰЛУ»
12.00 ЖҰБАНЫШ ЖЕКСЕНҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӨН КЕШІ
14.00 Т/Х «ПАРЫЗ»
17.00 «ЕРКІТІЛЕР КҮНІ»
17.20, 03.05 «ӘЙЕЛ ЕЛЕМІ»
18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ»
20.00, 01.30 «АПТА»
20.50, 02.20 «АҚОРДА»
21.00 «КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ»
22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР»
23.15 КӨРКЕМ ФИЛЬМ «ӨКЕ»

ДҮЙСЕНБІ 2 ЖЕЛТОҚСАН

05.00, 06.15, 10.20 «РАЙСКИЙ УГОЛОК»
06.00, 10.

САТЫЛАДЫ

Жынымайтын мұздық

Жайлы үй, зал, 4 жатын бөлме, холл, санторап, монша, гараж, көлік жөндейтін шұңқырымен бастырма, жабық аула, интернет, бейнебақылау. Қордай а., Ноғайбай к., 83. Тел: 87785042412.

Алматы-Бішкектрассасының бойынан Алматыдан 120 шақырымда орналасқан шаруа қожалығы: -жеке меншіктегі 2000 га жер; -3000 шаршы метр құрылыстар, оның ішінде: -9 отбасына арналған тұрғын жайлар, оның ішінде қожайынның үйі бар; -төбесі жабылған шаруашылық құрылыстар, қоралар; -монша; -ұңғыма, жыл бойы ыстық су, суағар, радон; -үш фазалы жарық. Бағасы 2 000 000 000 (2 млрд) теңге. Тел: 87055729492, 87017148617.

4 бөлмелі үй, Д.Қонаев к., 60/1, санторабы, шар. құрылыстары, барлық жағдайы бар. Тел: 87021392485.

Қордайдың орталығынан 3 бөлмелі пәтер 1-қабаттан, жөндеуімен, жиһазымен. Тел: +7772170429.

Үй, Қордай а., Кр.партизан, Панфилов к., 36. Тел: +77756616937, 87085648728.

Жұмыс істеп тұрған бизнес, дәмхана үйімен, Қордайдың орталығынан. Қажетті барлық жабдықтары бар. Бөлмені кез келген кәсіп түріне пайдалануға болады. Тел: 87014388483.

"Рублевка" маңынан 10 сотық жер. Жібек жолы қосалқы көшесі, бағасы 2500000 тг. Тел: 87011279668.

Үй, толығымен жиһаздалған, жер учаскесімен және шар. құрылыстарымен. Қордай а., Т.Рысқұлов к., тел: +996550462040.

АВТОКӨЛІКТЕР

«ГАЗ-53» а/к. «АУДИ» а/к жаңа қыстық дөңгелектер дискілерімен бірге. 15 размер. Тел: +77026675036, +77016413324.

ӘР ТҮРЛІ

Жұмыртқалайтын "Ломан браун" тауықтары, 5,5 айлық. Қордай а., Пушкин к., 46, тел: 2-24-19, 87781554713.

Бройлер, бөдене, жұмыртқалайтын тауықтар және үй құстарына арнайы жем, ірі қара малға премикс. Қордай а., Бәйдібек баба к., 221. Тел: 2-29-37, 87029747932 Ольга.

Тоңазытқыштар, кір жуу машиналар, газ қазандықтары, су жылытқыштар, мұздатқыштар, «Юнилюкс» жылыту қазандығы. Қордай а., Рысқұлов к., 247, тел: 2-21-97, 87779663203.

«ГАЗ-53» а/к құрылыс материалдарын жеткізіп береді: гравий, топырақ, отсев,

ХАБАРЛАНДЫРУ

2025 ЖЫЛҒА ДИЗЕЛЬГЕ ӨТІМ БАСТАЛАДЫ

Көктемгі және күзгі дала жұмыстарына дизель отынын беру ҚР АШМ м. а. 2023 жылғы 13 сәуірдегі №137 "Ауыл шаруашылығы жұмыстарына мұнай өнімдерінің өңірлік операторларын айқындау қағидаларын, сондай-ақ көктемгі егіс және егін жинау кезеңінде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер үшін мұнай өнімдерінің көлемдерін қалыптастыру және бөлу қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

Шаруа қожалықтар дизель отынының өтімдерін ағымдағы жылдың 1 желтоқсанан бастап 30 желтоқсанға дейін интернет желісінде орналастырылған "ГосАгро" веб-порталында қабылданады.

2025 жылға дизель отының өтімі екі мерзіміне (көктемгі және күзгі жұмыстарына) бірден қабылданады, сондықтан, өз округіңіздегі шаруашыларға жеткізіп, қосымшадағы кестеге сәйкес өтім берулеріңізді тапсырамын.

Қордай ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі

қиыршық тастар, Шудан шайылған құм, «Шұбаркүл» көмірі, қапта, іріктелген - 2000 тг/қап. Елімай к., 4, Пушкин к., 96. Тел: 4-64-25, 87017323710.

САТЫП АЛАДЫ

Жақсы күйдегі, жұмыс істемейтін тоңазытқыш, мұздатқыш ларь. Тел: 87476814551.

ЖҰМЫСҚА ШАҚЫРАДЫ

"Прима Дистрибьюшн" ЖШС-не жүргізуші-экспедитор сағат 8.30-18.00 (өскери билет, "В", "С" категориясы болуы қажет). Сөнбі-жексенбі - демалыс. Тел: 87711914405.

ЖАЛҒА БЕРЕДІ

Қожайынсыз үй; 2 бөлмелі шағын үй. Тел: 87785034638, 87783453117.

ҚЫЗМЕТТЕР

ЖЕКЕЛЕЙ ОҚЫТУ. Математика пәнінен қосымша сабақтар. Жоғары санаттағы, тәжірибелі мұғалім. Сабақ өтетін күндер: сенбі – 10.00 – 17.00, жексенбі – 10.00 – 17.00. Тел: +77758119248, 0555556286.

Италиялық химиялық тазалау. Қымбат емес, бірақ сапалы, біз бәрін тазалаймыз. Өнімдер: тоқыма, трикотаж, табиғи былғары және үлбір бұйымдары (дубленка, пальто), мамық күртелер, пальтолар, ерлер костюмдері, той және кешкі көйлектер, портьерлер, перделер, толь және т.б. Кір жуу қызметі: одеялдар мен пледтер. Жаңадан қаптау арқылы қауырсын қосылған өнімдерді қалпына келтіру қызметі. Instagram: korday.ximchistka.italy. Тел: +77012653232, +77772128486. Біздің мекен-жайымыз: Қордай а., Жібек жолы к., 84А («Эдельвейс» кафесінің жанында). Жұмыс уақыты: сағат 09.00-ден 19.00-ге дейін. Демалыс күн – жексенбі.

Тігін құралдарың, СК теледидарлар, инвентарлық дөнекерлеу, қысқа толқынды пеш, духовка және басқа да жөндеу жұмыстарын жасайды. Қордай а., Бәйдібек баба к., 102. Тел: 4-75-74, 87783345614 Федор.

Автомат кір жуу машиналарың, ыдыс жуу машиналарын жөндейді. Үйге барады.

Қолданылғандарды сатып алады. Тел: 87003981990, 87758472225.

ЖОҒАЛДЫ

Абдылдаев Чыңгыз Эркинбековичтің атына берілген жүргізуші куәлігі жоғалды. Тел: +996551191118.

680A1J08 мем.номері жоғалды. Тел: 87781727498.

Ашимов Аюп Ахмедовичтің атына берілген жүргізуші куәлігі жоғалды. Тел: 87056408405.

ӘР ТҮРЛІ

2024 жылдың 23 маусымында қайтыс болған Джайлаубаев Мырзахмет Махамбетовичтің артынан мұрагерлік іс қозғалды. Мұрагерлері нотариус Г.Сугурбаеваға Қордай а., Төле би к., 94, 2-қабат мекенжайына жолығуы қажет.

2011 жылдың 22 қарашасында қайтыс болған Ушамова Бакыткуль Шарбековнаның артынан мұрагерлік іс қозғалды. Мұрагерлері нотариус Г.Сугурбаеваға Қордай а., Төле би к., 94, 2-қабат мекенжайына жолығуы қажет.

2020 жылдың 6 сәуірінде қайтыс болған Кимуров Рамазан Неваевичтің артынан мұрагерлік іс қозғалды. Мұрагерлері нотариус И.Хуровқа Қордай а., Домалақ ана к., 247А мекенжайына жолығуы қажет.

2015 жылдың 29 қыркүйегінде қайтыс болған Масанов Харсан Динфуевичтің артынан мұрагерлік іс қозғалды. Мұрагерлері нотариус И.Хуровқа Қордай а., Домалақ ана к., 247А мекенжайына жолығуы қажет.

2018 жылдың 26 наурызында қайтыс болған Айтқұлов Тилеубайдың артынан мұрагерлік іс қозғалды. Мұрагерлері нотариус Б.Алимқожаевқа Қордай а., Жібек жолы к., 254 А. мекенжайына жолығуы қажет.

2004 жылдың 17 қарашасында қайтыс болған Ману Саржан Губаровичтің артынан мұрагерлік іс қозғалды. Мұрагерлері нотариус Б.Алимқожаевқа Қордай а., Жібек жолы к., 254 А. мекенжайына жолығуы қажет.

ЦИФРЛАНДЫРУ

ҚАЗІРГІ ЗАМАННЫҢ БАСТЫ ТРЕНДІ

Бүгінгі таңда цифрландыру әлемнің барлық салаларын өзгертіп, жаңа мүмкіндіктер ашуда. Ол мемлекеттік басқару, бизнес, білім беру, медицина, байланыс секілді көптеген салаларға енді. Цифрландыру – тек технологиялық процесс емес, бұл адамның өмір сүру деңгейін жақсартып, уақыт пен ресурстарды үнемдеуге бағытталған маңызды қадам.

Цифрландырудың маңызы мен артықшылықтары

Цифрландырудың басты мақсаты – процестерді оңтайландыру және қызметтерді халыққа барынша қолжетімді ету. Мысалы, Қазақстандағы электронды үкімет жүйесі (eGov) азаматтарға мемлекеттік қызметтерді онлайн түрде алуға мүмкіндік береді. Бұрын бірнеше күн не апта талап етілетін құжат рәсімдеу, салық төлеу немесе дәрігерге жазылу сияқты процестер қазір бірнеше минут ішінде орындалады.

Бизнес саласында цифрландырудың ықпалы зор. Kaspi.kz, Wildberries сияқты платформалар тек сауда мен қаржы қызметтерін ғана емес, сонымен қатар тұтынушыға жылдам әрі сапалы қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді. Осының арқасында онлайн сауда қарқынды дамып, жаңа жұмыс орындары пайда болуда.

Білім беру саласында да цифрлық технологиялардың орны ерекше. Онлайн курстар, цифрлық оқулықтар, білім беру платформалары шалғай ауылдардағы оқушылар мен студенттерге білім алуға мүмкіндік береді. Әсіресе, пандемия кезеңінде бұл әдіс тиімділігін дәлелдеді.

Медицинада цифрландыру телемедицина арқылы жаңа деңгейге көтерілді. Ауыл-аймақтардағы тұрғындар қазір онлайн кеңес алып, медициналық көмекке жүгінуде. Электрондық денсаулық сақтау карталары да дәрігерлердің жұмысын жеңілдетті.

Қиындықтары мен шешімдері

Цифрландырудың көптеген артықшылықтарына қарамастан, белгілі бір мәселелер де бар. Олардың қатарында киберқауіпсіздік, хакерлік шабуылдар және деректердің ұрлануы. Сонымен қатар, кадр тапшылығы, цифрлық технологияларды меңгерген мамандардың жеткіліксіздігі, цифрлық теңсіздік. Бұл мәселелерді шешу үшін мемлекет пен бизнес цифрлық инфрақұрылымды дамытуда, IT мамандарды даярлауға ерекше көңіл бөлуде. Сонымен қатар, халықты цифрлық сауаттылыққа оқыту бағдарламалары іске қосылуда.

Болашаққа қадам

Цифрландыру – уақыт талабы. Ол тек өмірді жеңілдетіп қана қоймай, ел экономикасының дамуына, білім мен медицинаның сапасын арттыруға ықпал етеді. Дегенмен, технологияларды дұрыс әрі тиімді қолдану – басты міндет. Әрбір адам цифрландырудың артықшылықтарын толық сезініп, жаңа заманның мүмкіндіктерін пайдалана алуы қажет.

Цифрландыру – бұл тек технология емес, бұл жаңа дәуірдің негізі.

Дара ЕСЕН, Абылайхан атындағы Халықаралық қатынастар және Әлем тілдері университетінің 1 курс студенті

ЕСКЕ АЛУ

НАСРЕДДИНОВА МНИРЯ ШАКИРОВНА



20 қараша күні сүйікті анамыз, ардақты әжеміз Насреддинова Мнир-ря Шакировна 100 жасқа толатын еді. Анаңнан айырылсаң — ағып жатқан бұлағыңның суалғаны. Ананы ешкім ауыстыра алмайды. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа, жаны Жаннатта болсын. Әжеміздің жарқын бейнесі біздің жүрегімізде мәңгі сақталады. Әрдайым еске алып, әруағына Құран бағыштап отырамыз.

Еске алушылар: балалары, немерелері, шөберелері, шөпшектері.

ЕСКЕ АЛУ

НАГИЕВА РАНО РУСТАМОВНА



Рано Рустамовна саналы ғұмырын акушерлік қызметке арнап, білімін жетілдіріп, көптеген жас дәрігерлер мен акушерлердің шыңдалуына бар күшін салды. Ол өте тамаша әрі жақсы адам еді. Оның мейірімді мінезі мен ашықтығы, ақылдылығы мен еңбекқорлығы бәрімізді таң қалдыратын, осы кейінде бәріміздің жадымызда қалады! Қиын сәтте әрқашан жылы сөз, кеңес айтып жүретін едептілік пен мейірімділіктің үлгісі бола білді. Бәрімізге жасаған мейірімділігі, жарқын бейнесі біздің жүрегімізде мәңгі сақталады.

Қордай ауданының учаскелік акушерлері.

Қордай аудандық орталық ауруханасы ШЖҚ МҚК, бастауыш кәсіподақ ұйымы дәрігер-дерматолог Сейтқалиева Гүлнар Зупираевнаға анасы **СЕЙТҚАЛИЕВА НҮРСЛУДЫҢ** қайтыс болуына байланысты қайғырып көңіл айтады.



САЙЛАУ

ЕСЕПТЕР МЕН
ҰСЫНЫСТАР ТЫҢДАЛДЫ

28 қараша күні Қордай аудандық аумақтық сайлау комиссиясының №3 және №7 бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша Қордай аудандық мәслихатының шығып қалған депутаттарының орнына сайлауды дайындау мен өткізу жөнінде кеңейтілген отырысы өтті.

Кеңейтілген отырысқа тиісті ауылдық округ әкімдері, мекеме және ұйымдардың басшылары шақырылған.

Отырыста 2024 жылғы 8 желтоқсанға шығып қалған депутаттардың орнына №3 және №7 бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша Қордай аудандық мәслихатының сайлауға дайындық барысы туралы және сайлау күні құзырлы органдардың жұмысы туралы мәселелер қаралды. Күн тәртібіне енгізілген сұрақтар бойынша есептер мен ұсыныстар тыңдалды.

Күн тәртібіндегі мәселелерді қарап, талқылағаннан кейін тиісті органдардың басшыларына тапсырмалар мен ұсыныстар берілді. Олардың ішінде: Сайлау бюллетендерін сақтау және дауыс беруге арналған үй-жайларда тәртіпті қамтамасыз ету, сайлау учаскелерінде телефон және интернет жүйесінің, электр қуатының, газ желісін үздіксіз қамтамасыз ету, сайлау учаскелері орналасқан мектеп ғимараттарында қалыпты температураның сақталуын қамтамасыз ету, CALL-орталығының үздіксіз жұмыс істеуін ұйымдастыру және мүгедектігі бар тұлғалармен жеке жұмыс жүргізу.

Қордай аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің Су шаруашылығы комитеті» РМК «Жамбыл облысы Қордай ауданындағы Қалғұты өзенінде суқоймасын салу» Жобасының «Қоршаған ортаға тигізер ықтимал әсерін бағалау» тармағы бойынша ашық отырыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар:

2025 жылдың 8 қаңтары сағат 10.00-де: Қордай ауданы, Алға а.о. Алға ауылы, Желеу Алдабергенов көш.95, Әкімдік ғимараты. Координаттары: 43°23'46" ш.б., 74°76'18" шығыс.

2025 жылдың 8 қаңтары 12:30-да: Қордай ауданы, Степной а.о., Степное ауылы, Білім көш 7, Мәдениет үйі. Координаттары: 43°14'49" ш.б., 74°62'19" шығыс.

Сондай-ақ, Алға ауылында сағат 10:00-де қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өтетінін хабарлаймыз:

Тақырыбы: Менің конференциям. Уақыты: 2025 жылдың 8 қаңтары, сағат 10:00 Алматы кіру zoom конференциясы: <https://us04web.zoom.us/j/77067028957?pwd=VRVOJnmpK0DqLy0YrMLf7ihfCcgHD.1>

Конференцияның идентификаторы: 770 6702 8957; Код: 3HJQEW

Степное ауылында 12:30-да онлайн режимінде өтеді:

Тақырыбы: Менің конференциям. Уақыты: 2025 жылдың 8 қаңтары, сағат 12:30 Алматы кіру zoom конференциясы: <https://us04web.zoom.us/j/75966997572?pwd=NrhLjQ6HixPr7knDDIRaPKIYC8GWdE.1>

Конференция идентификаторы: 759 6699 7572; код: q8Gr7g
Жобаға тапсырыс беруші: «Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің Су шаруашылығы комитеті» РМУ, 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, № 8 ғимарат, 910640000040

Жобаны әзірлеуші: «Казгидро» ЖШС, 050000, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., КӨК-ТӨБЕ шағын ауданы, көш. Сағадат Нұрмағамбетов 2/27. БСН: 970440000351 лицензия № 02359П 24.12.21 ж.

Ескертулер мен ұсыныстар мына мекенжай бойынша қабылданады:

«Жамбыл облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі: upr.taraz@zhambyl.gov.kz, байланыс тұлғасы Ағабек Серік Оспанұлы Тараз қ., көш. Абай 133А, 8 (7262) 45-15-03.

БИЗНЕСТІ
автоматтандыру



ДҮКЕН
СУПЕР-
МАРКЕТ
ҚОЙМА
КАФЕ
МОНША

ТЖО
СУЛУЛЫҚ
САЛОНЫ
ОЙЫН-САУЫҚ
ОРТАЛЫҒЫ
ЖАТТЫҒУ ЗАЛЫ
ДӘРІХАНА

avtomat.business

+7 775 54 74 999

+996 559 474 999



ЖАЛЮЗИ
РОЛЛПЕРДЕЛЕР

КЕРІП ТАРТЫЛҒАН
ТӨБЕ

ПЛОСКЕРАТАР
ПЕЦЕНАМА
ФОТОТУСКАРАЗ.
КАРТИНАЛАР

+7 7005707515 НАТАЛЬЯ
+77027428333 ВЛАДИМИР
+77754556336 ИВАН
@rolshiori_luxor_korday
@potolki_luxor_korday
@svet_luxor_korday
@fotooboi_luxor_korday
«Үсен ұлы» базары,
2 қатар, 10 контейнер

АРНАЙЫ ЖАБДЫҚТА
КІЛЕМДЕРДІ КӘСІБИ ЖУУ
Бағасы 450 тг. ш.м
жоғары. Алып кету
және жеткізу ТЕГІН.
Жұмсақ
жиһазды үйге
барып тазалап береді.
Тел.: 87758673444,
87781182032
@cleaning_service_korday

АУА РАЙЫ

30 қараша, сенбі.
Жаңбыр жауады. Күндіз +6,
түнде +1;
1 желтоқсан, жексенбі.
Күн бұлтты. Күндіз +4,
түнде +1;
2 желтоқсан, дүйсенбі.
Күн бұлтты. Күндіз +4,
түнде -2;
3 желтоқсан, сейсенбі.
Күн бұлтты. Күндіз +4,
түнде -2.

«ЛЕКАРЬ» медицина орталығы

Лицензия: 24023895, ҚР «Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Жамбыл облысы бойынша департаменті» РММ 17.07.2024 жылдан берілген.

Емдеудің тиімділігі
99%. Бірегей әдістер.
Жұмыс кестесі:
07:00-21:00

ПРОЦЕДУРАЛЫҚ
КАБИНЕТ (07:00-21:00)
демалыссыз.

Мекен-жай: Жібек-жолы к-сі, 17 Lekar_korday
Тел: 87780784727

- УРОЛОГ;
- НЕВРОПАТОЛОГ;
- ОФТАЛЬМОЛОГ;
(көз дәрігері)
- ТРАВМАТОЛОГ;
(арнайы ұлтарақтарға тапсырыс)
- ПРОКТОЛОГ.



САПАЛЫ ҚЫМБАТ
ЕМЕС НЕСИЕГЕ

КЕРІП
ТАРТЫЛҒАН
ТӨБЕГЕ
ФОТОБАСУ

РОЛЛІКІ КОРДАЙ
Әл-Фараби к., 130

КЕҢ ТАЛҒАМДА
ЛЮСТРАЛАР
luxury_obi_kordai

Тел.: 87789588544, 87017031819.

ТУСКАРАЗ,
ФОТОТУСКАРАЗ,
МОДУЛЬДІ КАРТИНАЛАР

РОЛЛЕРДІЛЕР, ЖАЛЮЗИ
Тел.: 87020290391

ТЕХНОГРАД

tehnograd_bt.tech

Мұздатқыш ларь - 65 990 тг.
5 камфорлы газ плиталар
3125 тг.х24
4200 тг.х24

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Қордай а., Төле би, 96/А
Тел.: +77022010783, +7 702 5544268, +7 705 6689094

ТАПСЫРЫСҚА
ВИТРАЖДАР, ЕСІК-ТЕРЕЗЕЛЕР

СЫҒЫРҒА МАСАТОРЫ

oknlinekorday

ЖИҒАЗ
КЕЗ КЕЛГЕН КҮРДЕЛІЛІКТЕ
КҮНЕ-ШКАФТАР, АС
ҮЙ ЖИҒЫНТЫҒЫ,
БАЛАЛАР КЕРЕУЕМІ

zhixaz_korday

КАСПИ RED
КАСПИ KREDIT
Қордай бойынша
өлшеу, жеткізу
ТЕГІН

Тел: 87754707822
Алмас, 87074707822

Қордай а., Рысқұлов к.,
121 (Аңырақай к. кіреді)

САЛТТЫҚ ҚЫЗМЕТ
- ТӘУЛІК БОЙЫ, ДЕМАЛЫССЫЗ, ҮЗІЛІССІЗ!

Төмен баамен! Қордай бойынша жеткізу тегін!

- мейітті жуу;
- құрамдастырылған табыттар
- ағаш табыттар
- ұлғайтылған табыттар
- ағаштан жасалған крест белгілері
- темірден жасалған крест белгілері
- темірден жасалған өрнектелген крест белгілері

- темір ескерткіштер
- қоршаулар
- кең талғамда гүл шеңберлері
- естелік баулар
- катафалк
- басқа заттар.

Телефон арқылы тапсырыс қабылдаймыз!
Қоршау, терезе мен есік торларын, сүйеніштер, урналар жасауға тапсырыс қабылдаймыз.

Мекенжайымыз: Қордай ауылы, Елімай к-сі, 41 (кеденнен солға қарай, Домалақ ана көшесінің қиылысында),
Тел: 4-66-70, 87772914258, +77784219921.

ДИРЕКТОР-
БАС РЕДАКТОР
Шолпан САБАНОВА

Бас редактордың
орынбасары
Жандос ОМАРОВ

Газет 2012 жылғы 25
шілдеде Қазақстан
Республикасының
Мәдениет және ақпарат
министрлігінде тіркеліп,
тіркеу туралы № 12895-Г
күелік берілген

ӘКІМШІЛІК БӨЛІМ:
Гаухар ЖҰМАБАЕВА
бас бухгалтер

МЕНШІК ИЕСІ:
«Қордай шамшырағы - Кордайский
маяк» аудандық қоғамдық-саяси
газеті» ЖШС

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын
білдіруі міндетті емес
Жарнама мен хабарландырулардың мәтіні тіліне
жарнама беруші жауапты
Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді
сілтемесіз басып көшіруге болмайды
Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны
қайтармайды және авторлар қолжазбасы өңделеді
Көлемі 3 компьютерлік беттен асатын материалдар
қабылданбайды
Кейбір суреттер интернет сайттарынан алынды

материалдың ақысы төленген

р/с KZ826010161000015589 БИК HSBKZKX
МЕКЕНЖАЙЫ: Қордай ауылы, Төле би көшесі, 70.
Тел: редактор, редактордың орынбасары: 4-51-63,
жауапты хатшы және факс: 2-13-98,
бухгалтерия: 2-27-08,
e-mail: mayak1932@mail.ru, сайт: mayak1932.kz

Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына екі рет шығады:
СӘРСЕНБІ, СЕНБІ
Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп,
беттелді. Таралымы: барлығы - 5640 дана, қазақша - 2840
дана, орысша - 2800 дана.
«КИИК» ЖШС баспаханасында басылды: Қордай а., Төле
би к., 106.